# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 1
## Эссе

Тәуелсіздік - баға жетпес құндылық, мұра. Біздің ата-бабаларымыз қанша жыл бойы тәуелсіздігімізді армандаған. Тәуелсіздік - әрбір ел үшін маңызды. Егер тәуелсіздік болмаса, онда қазіргі кезде біздің кең байтақ, қонақжай халқымыз, Қазақстан Республикасы атты мемлекетіміз болмас еді. 1986 жылы біздің қазақтың батырлары, аруларын билікке қарсы шығып, елі үшін, бостандықтары үшін жанын беріп, қаза болған. Осы оқиғаның басты себебі, Қонаевтың орнына Колбинның келуі болған. Жастар билікте қазақтардың отырғанын қалаған еді.

Сол жастардың қатарында кімдер болған? Алаңға шыққан жастардың қатарында Қайрат, Ләззат, Сәбира және т.б. батырларымыз болған. Олардың алаңға шыққаны үшін, оларға „Ұлтшыл" деген айып тағылған болатын. Менің ойымша бұл оқиға тарихта мәңгі қалады. Жастардың бұндай ісіне, Қазақстан Республикасының Елбасысы наразылық қойған болатын.

Тәуелсіздік - қазақ халқы үшін оңай келген жоқ. Әрбір адам өз елінің тәуелсіздігін қадірлеуі керек. Міне биыл біздің еліміздің тәуелсіздік алғанына 30 жыл болды. Осы 30 жылдың ішінде біздің еліміз қаншама қиыншылық көрсе де, оларды жеңіп, көптеген жетістіктерге жетті. Осы жетістіктерге бізді жеткізген, біздің Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев. Ол адам біздің елімізді көркейтік, әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартып, адамдардың тілектерін орындап, Астанамызды гүлдетіп, елімізді бүкіл әлемге паш етті. Қазіргі кезде біздің еліміздің басқа елдермен қарым-қатынасы өте жақсы.

1991 жылдың 16 желтоқсанында Н.Ә. Назарбаев „Тәуелсіздік туралы" заң қабылдады. Бұл күн әрбір қазақ үшін, маңызды күн болған. Қазіргі кезде біздің елімізде көптеген талантты адамдар бар. Олар біздің еліміздің байрағын көтеріп, көк туымызды желбіретіп, елімізді барлық әлемге паш етіп жүр.

Тәуелсіздігімізді алғаннан кейін біздің еліміз қандай жетістіктерге жетті? Біздің еліміз Қазақстан Республикасы атты мемлекетке айналды.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 1
## Эссе

Еліміз бостандыққа қол жеткізді. Халқымыз бейбітшілікте, әрі татулықта өмір сүріп жатыр. Адамдарда қорқыныш сезімі басылды. Қазақстан Республикасы қазіргі кезде жағдайы дамыған, ең бақытты елдердің қатарына кірді. Нұрсұлтан Назарбаев біздің еліміз үшін күні бойы тынбай еңбек еткен. Оның осындай жұмыс жасағаны үшін біздің халық бақытты өмір сүріп жатыр. Біздің еліміздің байлар көзі - халық болған. Халық риза болсын деп, ол елімізді жаңдандырды.

Н.Ә. Назарбаев халыққа жолдауында "Біздің еліміздің болашағы жастардың қолында" деп айтқан болатын. Менің ойымша Елбасымыздың сөзін ақтау үшін, біз Н.Ә. Назарбаевтың жолымен жүріп, елімізді одан сайын дамыту керек.

Н.Ә. Назарбаев президент болғаннан кейін, алаңға шыққан жастардың „ұлтшыл" айыбын алып тастап, оларды көптеген ордендермен марапаттаған болатын. Қазіргі кезде біздің еліміз жер көлемі бойынша 9 орында тұр. Қазақстанда Семей полигоны пайда болды. Онда ядролық қаруларды сынаған болатын. Бірақ та осы сынақтардан кейін радиация пайда болды. Көптеген жер аймақтары жарамсыз болып, адамдар жүрек ауруы сияқты қиын ауруларға тап болды. Осының бәрі тәуелсіздік алғаннан кейін тоқтатылған болатын. Осыдан біз тәуелсіздіктің құнды екенін біле аламыз. Қорыта айтқанда, тәуелсіздікке ештеңе жетпейді. Ол әрбір мемлекет үшін бағалы, маңызды құндылық. Ол болмаса біздің елімізде болмас еді. Қазақ халқы қазіргі кезде жан-жаққа тарап кетіп, Ресейдің құрамына кірер еді. Сондықтан да, менің алғысым шексіз. Тәуелсіздігімізді бағалай білейік, елімізді болашақта әлемдегі ең бай елге айналдырайық. Бір-бірімізді қолдап, әр кіміміз бірлікте болсын.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

*Қатысушының шешімдерін толтыруға арналған өріс / Поле для заполнения решений участника* Парақ / Страница № ____

# ЖАУАП ПАРАҒЫ || ЛИСТ ОТВЕТА
## № 2

| Тесттің № / № теста | 1 нұсқаның жауабы - A / 1 вариант ответа - A | 2 нұсқаның жауабы - B / 2 вариант ответа - B | 3 нұсқаның жауабы - C / 3 вариант ответа - C | 4 нұсқаның жауабы - D / 4 вариант ответа - D |
|---|---|---|---|---|
| 1 | | | C | |
| 2 | A | | | |
| 3 | | B | | |
| 4 | A | | | |
| 5 | | | C | |
| 6 | | B | | |
| 7 | | B | | |
| 8 | | B | | |
| 9 | | B | | |
| 10 | | | | D |
| 11 | | | | D |
| 12 | | | | D |
| 13 | | | C | |
| 14 | A | | | |
| 15 | | | C | |
| 16 | A | | | |
| 17 | | B | | |
| 18 | | B | | |
| 19 | | | C | |
| 20 | | | C | |

*Парақтың артқы жағын толтырмаңыз / Обратную сторону листа не заполнять*

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ